

Мұғалжар ауылы әкімінің 2011 жылғы 25 қазандағы №16 "Мұғалжар ауданы Мұғалжар селосының көше атауын қайта атау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Мұғалжар ауылының әкімінің 2014 жылғы 20 қазандағы № 19 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 07 қарашада № 4064 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 121-V «Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық Заңына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына сәйкес Мұғалжар ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мұғалжар ауылы әкімінің 2011 жылғы 25 қазандағы № 16 «Мұғалжар ауданы Мұғалжар селосының көше атауын қайта атау туралы» (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-9-156 тіркелген, 2011 жылғы 22 қарашасында аудандық «Мұғалжар» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтіні бойынша « селосының», «селосы» сөздері «ауылының», «ауылы» сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар ауылының әкімі	Ғ.Дәрімбетов
-------------------------	--------------